

Аудан әкімдігінің 2008 жылғы 4 ақпандағы "Май ауданында әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру және ұйымдастыру туралы" N 18/2 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Май аудандық әкімшіятының 2009 жылғы 6 қаңтардағы N 15/1 қаулысы. Павлодар облысы Май ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 5 ақпанда N 78 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 28 ақпандағы N 63/2 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 28.02.2012 N 63/2 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 13 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңының 8 бабының 3 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 18-1 бабының 1 тармағына сәйкес аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Аудан әкімдігінің 2008 жылғы 4 ақпандағы "Май ауданында әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру және ұйымдастыру туралы" N 18/2 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде N 12-10-63 болып тіркелген, "Шамшырақ" N 11 газетінде 2008 жылғы 15 наурызда жарияланған) мынандай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін: көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда ж а з ы л с ы н .

2. Әлеуметтік жұмыс орындарын ашуды аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдармалар бөлімі (С.И. Мұқатаев) келісім-шарт негізінде жұмыс берушімен жүзеге асырсын.

3. Ресми жарияланған күннен бастап 10 күн өткен кейін қолданысқа енгізіледі .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.Айтқұловқа жүктелсін.

Аудан әкімі

Е. Әйткенов

Май ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 6 қаңтардағы
"Аудан әкімдігінің 2008 жылғы 4 ақпандағы
"Май ауданында әлеуметтік жұмыс орындарын

қаржыландыру және ұйымдастыру туралы"
N 18/2 өзгертулер мен толықтырулар
енгізу туралы" N 15/1 қаулысына
1 қосымша

Әлеуметтік жұмыс орындарын жұмыс берушілердің тізімі

P/c	Жұмыс берушілер	Қатысушы адамдардың саны
1	"Ығылман" шаруа қожалығының басшысы Ығылманова Ж.	10
2	"Ая" шаруа қожалығының басшысы Бекқожин Ж.Н.	2
3	Жеке кәсіпкер Шамбасова Г.К.	5
4	"Со-Пут" шаруа қожалығының басшысы Соломатин Н.В.	4
5	"Башлам" шаруа қожалығының басшысы Абубакаров Ә.М.	6
6	СПК "Сенім"	3
7	Жеке кәсіпкер Тлеубеков С.К.	6
8	ГККП "Майсервис"	5
9	"Ұста-ата" шаруа қожалығының басшысы Бақауов Ж.Б.	5
	Барлығы:	46